

"Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексін ішкі істер органдарының қызметінде қолдану жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2001 жылғы 20 маусымдағы N 486 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 9 наурыздағы N 151 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 8 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 3556. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы № 16 бұйрығымен

**Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 12.01.2016 № 16 бұйрығымен.**

Әкімшілік тәжірибе, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша өндірісті жүргізу кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауды қамтамасыз ету мәселелерінде Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі жол полициясының құқық қолдану қызметін одан әрі жетілдіру, ішкі істер органдары бөлімшелеріндегі әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы заңнаманы біркелкі қолдану мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексін ішкі істер органдарының қызметінде қолдану жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2001 жылғы 20 маусымдағы N 486 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1639 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары нормативтік құқықтық актілерінің бюллетенінде жарияланған, 2001 жыл, N 33, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2093 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2002 жылғы 10 желтоқсандағы N 777 , Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2153 болып тіркелген 2003 жылғы 28 қаңтардағы N 43 , Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2536 болып тіркелген 2003 жылғы 29 қыркүйектегі N 536 , Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3378 болып тіркелген 2005 жылғы 5 қаңтардағы N 1 бұйрықтарымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

аталған Бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексін ішкі істер органдарының қызметінде қолдану

жөнiндегi

нұсқаулықта :

- 1) 70-3-тармақта "60" деген сан "15" деген санмен ауыстырылсын;
- 2) 87-тармақта "Әкiмшiлiк құқық бұзушылық туралы iс жөнiндегi қаулыға" деген сөздерден кейiн "(26-қосымша)" деген сөздермен толықтырылсын;
- 3) 91-тармақтың үшiншi абзацы мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын :

"Мұндай жағдайларда жүргiзушiлерге белгiленген үлгiдегi жолдама (27-қосымша) берiледi.";

4) 133-тармақта "Әкiмшiлiк iстер" деген сөздерден кейiн ", мемлекеттiк тiркеу нөмiрлiк белгiлерi" деген сөздермен толықтырылсын;

5) 139-тармақта "(рапорттар, баяндау хаттар)" деген сөздерден кейiн ", мемлекеттiк тiркеу нөмiрлiк белгiлерi" деген сөздермен толықтырылсын;

6) мынадай мазмұндағы 141-1-тармақпен толықтырылсын:  
"141-1. Алып қойылған мемлекеттiк тiркеу нөмiрлiк белгiлерiн тiркеу және есепке алу үшiн журнал (28-қосымша) жүргiзiледi.";

7) 14-қосымшада "60" деген сан "15" деген санмен ауыстырылсын;

8) осы бұйрыққа 1, 2, 3-қосымшаларға сәйкес 26, 27, 28-қосымшалармен толықтырылсын.

2. Астана және Алматы қалалары Iшкi iстер бас басқармаларының бастықтары, облыстардағы iшкi iстер бас басқармаларының, iшкi iстер басқармаларының бастықтары жол полициясы бөлiмшелерiнiң жұмысын осы Бұйрықтың талаптарына сәйкес ұйымдастырсын.

3. Жол полициясы департаментi (Ө.Т.Түсiмов) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әдiлет министрлiгiнде тiркелуiн қамтамасыз етсiн.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Iшкi iстер бiрiншi вице-министрi полиция генерал-лейтенанты И.И.Оттоға және Қазақстан Республикасының Iшкi iстер министрлiгi Жол полициясы департаментiнiң бастығы полиция полковнигi Ө.Т.Түсiмовке жүктелсiн.

5. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланған күннен бастап он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi.

*Қазақстан Республикасының*

*Iшкi iстер министрi*

"Қазақстан Республикасының  
Әкiмшiлiк құқық бұзушылық  
туралы кодексiн iшкi iстер  
органдарының қызметiнде  
қолдану жөнiндегi  
Нұсқаулықты бекiту туралы"  
Қазақстан Республикасы

Ішкі істер министрінің  
2001 жылғы 20 маусымдағы  
N 486 бұйрығына өзгерістер мен  
толықтырулар енгізу туралы"

Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрінің  
2005 жылғы 9 наурыздағы  
N 151 бұйрығына 1-қосымша

"Қазақстан Республикасының  
Әкімшілік құқық бұзушылық  
туралы кодексін ішкі істер  
органдарының қызметінде  
қолдану жөніндегі  
Нұсқаулықты бекіту туралы"  
Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрінің  
2001 жылғы 20 маусымдағы  
N 486 бұйрығымен бекітілген  
Қазақстан Республикасының  
Әкімшілік құқық бұзушылық  
туралы кодексін ішкі істер  
органдарының қызметінде  
қолдану жөніндегі

Нұсқаулыққа 26-қосымша

AA N000000 қаулының түбіршегін \_\_\_\_\_ алдым \_\_\_\_\_  
( л а у а з ы м ы )

20\_\_жылдың " \_\_ " \_\_\_\_\_  
(тегі) (қолы)

**Әкімшілік жаза қолдану туралы**

**AA N000000 ҚАУЛЫ**

" \_\_ " \_\_\_\_\_ 200 ж. \_\_\_\_\_  
(елді мекен)

Уәкілетті адам \_\_\_\_\_  
(лауазымы, қалалық, аудандық, желілік органның атауы,  
атағы, тегі, аты-жөні)

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
(Әкімшілік құқық бұзушылықтың жасалған орны, уақыты және мәнісі)

түріндегі Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінің \_\_\_\_\_ бабын бұзған үшін

Азамат (ша) \_\_\_\_\_  
( Т . А . Ә . )

Азаматтығы \_\_\_\_\_

Туған жылы мен жері \_\_\_\_\_

Тұрғылықты жері \_\_\_\_\_

Жұмыс орны \_\_\_\_\_

Лауазымы \_\_\_\_\_

жасаған құқық бұзушылық туралы әкімшілік іс жүргізу материалдарын Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінің 543, 650, 651-баптарына сәйкес қарап шығып,

### ҚАУЛЫ ЕТТІМ:

Азамат (ша) \_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә.)

\_\_\_\_\_сомадағы айыппұлға тартылсын (ескертілсін).

(жазбаша сомасы)

Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінің 707-бабына сәйкес жоғарыда көрсетілген айыппұлды 30 күннің ішінде Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкілерінің бөлімшесіне N\_\_\_\_\_ есеп шотқа төлем жасауды және айыппұл төленгені жөнінде түбіршекті ұсынуды міндеттеймін.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінің 656, 657-баптарына сәйкес осы қаулыға 10 күн ішінде жоғары тұрған ішкі істер органдарына (лауазымды адамдарға), прокурорға немесе сотқа шағым беруге болады.

Егер айыппұл белгіленген мерзімде төленбесе Қазақстан Республикасының құқық бұзушылықтар туралы кодексінің 708, 709-баптарына сәйкес айыппұлды мәжбүрлеп өндіріп алу үшін қаулы  
с о т қ а ж і б е р і л е д і .

\_\_\_\_\_ (Лауазымды адамның арнаулы атағы, лауазымы, тегі, аты-жөні, қолы)

### ҚОЛХАТ

Қаулы маған айтылды және әкімшілік жаза тартудың көшірмесін  
а л д ы м

\_\_\_\_\_ (құқықбұзушының қолы)

"\_\_" \_\_\_\_\_ 20\_\_ жылғы

"Қазақстан Республикасының  
Әкімшілік құқық бұзушылық

туралы кодексін ішкі істер  
органдарының қызметінде  
қолдану жөніндегі  
Нұсқаулықты бекіту туралы"  
Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрінің  
2001 жылғы 20 маусымдағы  
N 486 бұйрығына өзгерістер мен  
толықтырулар енгізу туралы"  
Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрінің  
2005 жылғы 9 наурыздағы

N 151 бұйрығына 2-қосымша

"Қазақстан Республикасының  
Әкімшілік құқық бұзушылық  
туралы кодексін ішкі істер  
органдарының қызметінде  
қолдану жөніндегі  
Нұсқаулықты бекіту туралы"  
Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрінің  
2001 жылғы 20 маусымдағы  
N 486 бұйрығымен бекітілген  
Қазақстан Республикасының  
Әкімшілік құқық бұзушылық  
туралы кодексін ішкі істер  
органдарының қызметінде  
қолдану жөніндегі

Нұсқаулыққа 27-қосымша

**Жол қозғалысы ережелерін білуін тексеруге**

**Жолдама**

Азамат \_\_\_\_\_ жіберіледі

(жүргізушінің тегі, аты, әкесінің аты)

Туған жылы \_\_\_\_\_ жүргізуші куәлігінің N және сериясы \_\_\_\_\_

(шешім қабылдаған адамның лауазымы, атағы, тегі, аты-жөні)

20 \_\_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ Қолы \_\_\_\_\_

Тексеру күні	Тексеру нәтижелері		ТЕБ қызметкерінің қолы және мөр
	ЖҚЕ білуі	Жүргізу дағдылары	



Р/с N	Мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісі	Алып қойылған күні	Ж П қызметкерінің лауазымы, атағы, Т.А.Ә.	Алып қою себебі	Әкімшілік хаттаманың N және толтырылған күні	Қабылданған шешім	Алғаны туралы жүргізушінің қолы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК